

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

"Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ
Басқармасының

2001 жылдың 17 сәуіріндегі
№ 35/1 шешімімен

Б е к і т і л д і

2001 жылдың 17 сәуірінен бастап

Қолданысқа енгізілді

Биржа мүшелерінің міндеттемелерін
қамтамасыз ету үшін биржа пайдасына
мемлекеттік бағалы қағаздарды оқшаулау

Т Ә Р Т І Б І

Алматы қ.

2001

ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

1. "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесі шешімімен (2004 жылдың 15 қаңтарындағы № 1 (з) хаттама) биржаның барлық ішкі құжаттарында ""Қазақстан қор биржасы" жабық акционерлік қоғамы" деген сөздер ""Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамы" деген сөздерге тиісті септіктерде ауыстырылды және ""Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ" қысқартылған атауы ""Қазақстан қор биржасы" АҚ" деп ауыстырылды.
2. "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен (2005 жылдың 14 сәуіріндегі № 7 хаттама) "Орталық бағалы қағаздар депозитарийі" АҚ көрсетілген биржаның барлық ішкі құжаттарында "Орталық бағалы қағаздар депозитарийі" Жабық акционерлік қоғамы" (кез келген септікте) немесе "Орталық бағалы қағаздар депозитарийі" жабық акционерлік қоғамы" (кез келген септікте) немесе "Орталық бағалы қағаздар депозитарийі" ЖАҚ" таңбалары "Орталық бағалы қағаздар депозитарийі" АҚ" деп ауыстырылды.

Осы Әдістеме "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі "Биржа" деп аталатын) ішкі құжаты болып табылады және Биржа алдындағы өзінің міндеттемелерін өтеу үшін Биржа мүшелерінің оның пайдасына оқшаулаған бағалы қағаздар құнын бағалау тәртібін реттейді *(осы абзац Биржалық кеңестің 2004 жылдың 15 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)*.

ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

1. Биржа алдындағы оның мүшелерінің міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету үшін мемлекеттік бағалы қағаздардың оқшаулануы жүзеге асыруы мүмкін. Қамтамасыз ету мақсатында тек Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі шығарған, соның ішінде басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған мемлекеттік бағалы қағаздар ғана қабылданады.
2. Биржа мүшелерінің оның пайдасына мемлекеттік бағалы қағаздарды оқшаулау және оқшаулаудан алу тәртібін "Орталық бағалы қағаздар депозитарийі" АҚ (бұдан әрі Депозитарий деп аталады) ішкі құжаттарында, Биржа және Депозитарий арасындағы келісім-шарттарда белгіленеді *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2005 жылдың 14 сәуіріндегі шешімімен өзгертілген)*.
3. Биржа мүшесінің Биржа алдындағы өзінің міндеттемелерін орындамауы жағдайында мемлекеттік бағалы қағаздарды сату және оларды сатудан түскен ақшаны қолдану тәртібі Биржаның және Депозитарийдің ішкі құжаттарында анықталады.
4. Биржа мүшелері оның пайдасына оқшаулайтын мемлекеттік бағалы қағаздарды бағалау тәртібі Биржаның жеке ішкі құжаттарында анықталады.

БИРЖА ПАЙДАСЫНА ОҚШАУЛАНҒАН МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫ ЕСЕПКЕ АЛУ ТӘРТІБІ

5. Мемлекеттік бағалы қағаздарды оқшаулау жүзеге асырылғаннан кейін, Есеп айырысу палатасы Биржа мүшесінің оның алдындағы міндеттемелерінің түрлері бойынша мемлекеттік бағалы қағаздарды дербес түрде бөледі.
6. Белгілі бір міндеттемелерді қамтамасыз ету үшін Биржа пайдасына оқшауланған мемлекеттік бағалы қағаздарды, мұндай міндеттемелер орындалғаннан кейін, Биржа мүшесі басқа міндеттемелерін өтеу үшін қолдана алады. Осындай қайта бөлу Биржа мүшесінің уәкілетті трейдерінің өкімі негізінде жүзеге асырылады.

БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫ АУЫСТЫРУ ТӘРТІБІ

7. Биржа пайдасына оқшауланған, белгілі бір шығарылымдағы мемлекеттік бағалы қағаздарды басқа шығарылымдағы мемлекеттік бағалы қағаздар ауыстыруы мүмкін. Мемлекеттік бағалы қағаздарды басқа шығарылымдағы мемлекеттік бағалы қағаздарға ауыстыру кезінде оларды оқшаулаудан алу тек ауыстырылатын мемлекеттік бағалы қағаздарды Биржа пайдасына оқшаулаудан кейін ғана жүзеге асырылады.
8. Мынандай мемлекеттік бағалы қағаздар міндетті түрде ауыстырылуы тиіс:
 - Өтелуіне 30 күн қалған Қазақстан Республикасының еуроноталары;
 - Өтелуіне 14 күн қалған, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығарылған Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағалы қағаздары.
9. Биржа мүшесі ауыстырмаған, осы әдістеменің 8 тармағында көрсетілген мемлекеттік бағалы қағаздар бес жұмыс күнінің арасында сатылуы тиіс. Оларды сатудан түскен ақшаны Биржа өз мүшесінің міндеттемелерін қамтамасыз ету үшін қолданады.

Президент

Д.Б.Қарасаев